and corruption of potential standards with the purpose of minimizing the legal consequences of their use. The author suggested considering the issue of extension of the object of the regulation, which, along with terrorism would also include extremism and separatism. The comparative legal analysis in this field leads to the question concerning the efficacy of preventive measures of the financial intelligence unit. Taking into account the research on foreign experience in this field, specific recommendations were given on improving the national legislation.

For the effectiveness of the perception of a large stratum of existing international and national legislation, legal and specialized literature, law enforcement practices in the field of on countering the financing of terrorism, the analytical material will be conditionally divided into three parts: 1. Analysis of the legislation in the territory of Kazakhstan in the research area; 2. Certain limitations of the current Law of the Republic of Kazakhstan « On counteraction to legalization (laundering) of incomes obtained in a criminal means and financing of terrorism»; 3. Recommendations for improving national legislation.

Қазақстан Республикасы Президенті - Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 14 желтоқсан 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген басымдықтардың бірі қазақстандық демократия дамыту мен мемлекеттілікті одан әрі нығайту. Атап айтқанда, Стратегияда «Біз аймақтық қауіпсіздік үшін өз жауапкершілігімізді сезінуді жалғастыруға және Орталық Азияны тұрақтандыруға өз үлесімізді қосуға қажетпіз. Біздің міндетіміз - аймақтағы ықтимал қайшылықтардың алғышарттарын болдырмау үшін көмектесу.

Мемлекет және азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық нысандары мен көріністеріне қарсы бірлесе әрекет етуі керек ... Біз діни радикализм мен экстремизм көріністерін бейтараптандыру үшін біздің заңнамамызды жетілдіруіміз керек. Сонымен қатар біз терроризмге қарсы заңнаманы жетілдіруіміз керек. Мемлекет экстремизмді және радикализмді, олар қай жерде бастау алмаса да, тоқтатуға тиіс» деп айқындылған [1].

«Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2018-2022 жылдарға арналған Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірледі. Атап айтқанда, бағдарламада радикалды идеологияға және сотталғандардың де-радикализациясына, Интернет желісіне, әлеуметтік желілерге, бұқаралық ақпарат құралдарына, түрлі семинарларға және зерттеулерге имунитетті қалыптастыру қарастырылған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы «шағын» зерттеудің криминологиялық талдау объектісі

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі — Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңы)) болып табылады.¹ Заң қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, құқықтық қарым-қатынас субъектілерінің, уәкілетті органның және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының қаржы мониторингі үшін құқықтық негіздерін анықтайды.

Заң, ең алдымен, терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 және 39 баптарына толықтай сай келеді. Яғни, әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының құпиясына құқығы, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф және өзге де байланыс құпиясына құқығы бар, бұл құқықты шектеу тек заңмен тікелей белгіленген ретте, жағдайларда және тәртіппен, жол беріледі. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен және конституциялық тәртіпті қорғау мақсатында, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның денсаулығы мен адамгершілік қасиетін қорғау мақсатында қажет болатындай шамада ғана шектелуі мүмкін.

Сонымен қатар, 20 тамыз 2009 жылғы № 5 Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулысының жарғылық бөлігінің 3-тармағында «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді

¹ Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>

зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Парламентімен қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясына сай келетінін тану бекітілген.

Қолданыстағы халықаралық және ұлттық заңнама, құқықтық және мамандандырылған әдебиеттер, құқық қорғау саласындағы құқық қолдану практикасы үлкен деңгейін қабылдаудың тиімділігі үшін талдау жұмысы үшін толассыз әдісті қоса қолданылады: 1. Қазақстан аумағында зерттелетін саладағы заңнаманы талдау; 2. Қолданыстағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңындағы жеке кемшіліктерді анықтау 3. Ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар.

Сонымен,

Коллизия тудыратын Заң нормаларына қатысты

Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган қаржы мониторингін жүзеге асыратын және заңға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган болып табылады. Бұл жағдайда мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті. Басқаша айтқанда, Қазақстан аумағында қаржы барлау бөлімшесі бар.

Айта кететін мәселе, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыреті шегінде реттеуші, бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған қаражат және терроризмді қаржыландыру саласындағы орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларына қатысатын бөлім болып табылады.²

Сонымен қатар, «кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қатысты Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы № 343-V Заңының 12-бабы «Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізімінде», лаңкестікке параллелді экстремизмді қаржыландыруға қарсы тұру үшін талданатын Заңның реттелу тақырыбы кеңейтілді

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы «Экстремизмді анықтау және жолын кесу бойынша мемлекеттік органдардың құзыреті» 7-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес Экономикалық тергеу қызметі экстремизмді қаржыландыру жолдарын, көздерін және арналарын алдын-алу, анықтау, жолын кесу бойынша қызметті жүзеге асырады..

Демек, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарында уәкілетті органның құзыретіне қатысты жасанды қайшылық туындайды.

Заңдар нормаларының коллизиясын жою үшін екі нұсқа ұсынылады

1. Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның реттелу тақырыбын кеңейту. «Терроризм» деген сөзден кейін «және экстремизм» деген сөздерді қосу ұсынылады.

2. Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 12-бабының мәтінінде «Экстремизм» терминін алып тастау.

Бірінші нұсқа әлдеқайда орынды болып көрінеді, себебі терроризм мен экстремизмді бірлесіп қарастыру керек және оларға қарсы тиімді күрес оларды қаржыландыруға қатысты бірыңғай шараларын талап етеді.

Сонымен бірге бірыңғай құқық қорғау міндетін - терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды шешу үшін талданған Заңның 3-тарауындағы (15-19-баптар) уәкілетті органның құзыреттілігін анықтап, осы нормаларды «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабымен үйлестіру қажет.

Заңның ескірген нормаларына қатысты.

Реттеу объектісінің кеңеюін және, тиісінше, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді мен экстремизмді қаржыландыруға бағытталған шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында Заңның мәтініне сәйкесінше ескірген нормалар-

² Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің материалдары. <http://kfm.gov.kz/ru/>.

ды жаңарту қажет. Атап айтқанда, Заңның мәтіні бойынша «және терроризмді қаржыландыру» сөз тіркесін «сондай-ақ терроризм мен экстремизмді қаржыландыру» деген тіркесімен ауыстыру қажет.

Заңның кемістіктеріне қатысты.

1. Қазақстан территориясында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (терроризмді қаржыландыру) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне қатысты қаржы мониторингі бойынша жылдам өзгеретін халықаралық стандарттар, сондай-ақ ұлттық заңнамаға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың ауқымын ескере отырып, талдалынып отырған Заң атауы мен мәтініне реттеу пәні туралы триализм мәселені шешу қажет.

«Терроризммен» бірге реттеу тақырыбы ретінде «экстремизм» мен «сепаратизмді» қарастыру керек.

Реттеу тақырыбын кеңейту бойынша көрнекі мысал болып ұлттық заңдары және халықаралық шарттары табылады. Біріншіден, бұл «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 және екіншіден, «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының № 316 Заңы.³

ҚОСЫМША аргумент (реттеу тақырыбын кеңейтуде) болып талданған Заңға тән заңды идеяларды жалғастыруда қылмыстық жауапкершілік мәселесі болып табылады. Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі «Террористік немесе экстремистік қызметті және терроризмге немесе экстремизмге басқа да қатысы бар қызметті қаржыландыру» 258-бабында және «Криминалдық топтың қызметін қаржыландыру, сондай-ақ мүлікті сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын дамыту» 266-бабында қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы реттеледі.⁴

Демек, қылмыстық жауапкершілікке тартқан кезде «терроризм мен экстремизм» санаттары ажырамас болып келеді. Оның үстіне Қылмыстық кодекстің 3 бабының 30) және 39)-тармақтарына сәйкес террорлық және экстремистік қылмыстардың ауқымды тізімі бар.

Заң шығарушы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға)

және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы № 343 Заңында 12-бабында «Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде» бекіту арқылы реттеу тақырыбын кеңейтті.

Сонымен қатар, талдалынып отырған Заңның қалған баптары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекеттерді ғана реттейді де, экстремизмге (оның үстіне сепаратизмге) қарсы іс-әрекетті реттемейді. Жоғарыда айтылғандарды және Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 2-баптың 2) тармағында көрсетілгенді келесідей норманы: «Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңнан өзгеше ережелер бекітілген болса, халықаралық шарт нормалары қолданылады» ескере отырып, терроризммен, сепаратизммен және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына ережелерін қарастырсақ, құқықтық реттеу тақырыбын кеңейту қажеттілігі, және сәйкесінше терроризмді де, экстремизмді де, сепаратизмді де реттеу мақсатында барлық Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңы толықтай мұқият тексерістен өткізу қажет.

2. Қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы террористік және экстремистік қылмыстарды «қысқаша» талдауды ескере отырып, қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы тағы бір реттелінбеген мысалды көрсетуге болады. Бұл аталмыш қылмыс үшін қылмыс субъектісі мәселесі болып табылады.

1999 жылғы 9 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы Халықаралық конвенция (5-бап) мынаны реттейді:

«1 Әрбір қатысушы мемлекет өзінің ішкі құқығы принциптеріне сәйкес өз аумағындағы немесе оның заңдары бойынша құрылған, өзінің ресми міндетін атқаратын заңды тұлғаны осы заңды тұлғаны басқаруға немесе оған бақылау жасауға жауапты жеке тұлғаның 2-бапта аталған қылмысты жасаған жағдайында жауапкершілікке тарту мүмкін болатын

³ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы № 343 «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы». <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000381>

⁴ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

қажетті шараларды қолданады. Мұндай жауапкершілік қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік сипат алуы мүмкін.

2. Мұндай жауапкершілік осы қылмыстарды жасаған жеке тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі үшін нұқсан келтірмейді.

3. Әрбір қатысушы мемлекет, сондай-ақ жоғарыдағы 1-тармаққа сәйкес жауапты болатын заңды тұлғаларға тиімді, мөлшерлес және пәрменді қылмыстық, азаматтық-құқықтық немесе әкімшілік санкцияларды қолдануды қамтамасыз етеді. Мұндай санкцияларға қаржы санкциялары да кіруі мүмкін.»

Қазақстан Республикасы Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы Халықаралық конвенцияға (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 2 қазандағы № 347-II Заңымен) қосылды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 258-бабына сәйкес, 14 жасқа толған адам қылмыстың субъектісі болып табылады, ал ерекше субъект - өзінің лауазымдық ұстанымын пайдаланатын тұлға, немесе өзге де ұйымдағы басқару функцияларын коммерциялық немесе өзге де нысандағы ұйымда жүзеге асыратын тұлға немесе қоғамдық бірлестіктің басшысы.

Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы тұрудағы алшақтықты жою мақсатында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық институтын қолданыстағы қылмыстық заңнамаға енгізудің құқықтық мүмкіндігін қарастыру қажет.

Заңның сыбайлас жемқорлық факторларына қатысты.

Егер шешімдер қабылдаудың нақты тәртібі (әкімшілік рәсімдер) бар болса, сыбайлас жемқорлық азаяды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңды талдау кезінде келесідей сыбайлас жемқорлық факторларын атап өту қажет. Ең алдымен, заңның шамадан тыс көрнекі және референттік нормалары (жоғарыда көрсетілген) болуына имманентті (тікелей) байланысты болып табылады. Екіншіден, кейбір нормаларда «мүмкін» деген белгісіз тұжырымдаманы қолданудың кесірінен түсіндіруде айқындық жоқ, ол мүдделерге байланысты уәкілетті органның өз қалауы бойынша мәселенің шешілуін білдіреді.

Қаржылық мониторингті өз қалауы бойынша және мүдделеріне байланысты (қалауы бойынша өкілеттік) жүзеге асыратын органның шешімдер қабылдауы бойынша ұқсас жағдайлары талданған Ақшаны

жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның келесідей нормаларында анықталған:

1) Талдалынып отырған Заңның «Қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерін тиісінше тексеруі» туралы 5-бап.

Осылайша, Заңның 5-бабының 1 тармағында «Қаржы мониторингі субъектілері Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөнінде шаралар қолдануға тиіс». Сонымен қатар, 4-баптың, 5-тармағы мынадай редакцияда бекітілген: «Қаржы мониторингі субъектілерінің өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеруі ішкі бақылау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»

Бұл ретте 11-баптың 3-2 тармағында айтылған: «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар белгіленетін, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 3-бабы 1-тармағының 7), 8), 13) – 16) тармақшаларында көзделген қаржы мониторингі субъектілерін, сондай-ақ кредиттік серіктестіктерді қоспағанда, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қаржы мониторингі субъектілерінің түрлері бойынша қойылатын талаптар уәкілетті органның және тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді».

Осылайша, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның мәтінінде сыбайлас жемқорлық факторын «құқықта» жою арқылы шешімді немесе іс-әрекетті өз қалауы бойынша қабылдайтын органның құзыреттілігін егжей-тегжейлі анықтау керек. Уәкілетті органның (ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН) қызметіне міндетті түрде қарау, экстремизмді қаржыландырудың көздерін, арналарын және жолдарын алдынала, анықтау, жолын кесуді жүзеге асыратын уәкілетті органның ұстанымы ескерілу керек.

2) Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 5-бабының 7 тармағында: «Ішкі бақылау қағидаларында көзделген

жағдайларда және тәртіппен, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелінің дәрежесіне қарай қаржы мониторингі субъектілері клиенттерді тиісінше тексерудің күшейтілген және жеңілдетілген шараларын қолданады».

Академик С.З. Зиманов, Қазақстан Республикасының құқықтық реформасының бірінші кезеңінің басында, Қазақстанда «шенеуліктік» деп аталатын заңнамаға айналу мүмкіндігі туралы айтып берді. «кей кездерде Парламентке әкелетін жобаларға қарағанда, атқарушы биліктің заңдардың және заңға тәуелді актілердің тақырыбына қатысты анық немесе айқын түсінігі жоқ екендігін өкінішпен мойындауға тура келеді [3]. Мұның мысалы, талдалынып отырған заңнамамен теңестірілмеген, бірақ қаржылық мониторинг субъектілері тарапынан өкілеттіктер жіберуге ниет білдіретін «ережелердің» нормативті тармақтары болып табылады.

3) Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 13-бабының 1.1. тармағында көрсетілген: «Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын, бағалы қағаздарды ұстаушылар тіркелімдерінің жүйесіндегі және жеке шоттар бойынша номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді, сондай-ақ Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген, терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымдар мен жеке тұлғалардың ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен өзге де операцияларын қаржы мониторингі субъектілері сот шешімі, мемлекеттік кіріс органдарының инкассолық өкімдері, мемлекеттік кіріс органының иелік ету шектелген мүліктен өндіріп алу туралы қаулылары негізінде, сондай-ақ ұйым немесе жеке тұлға осы Заңда көзделген тәртіппен жоғарыда көрсетілген тізбеден шығарылғаннан кейін жүзеге асыруы мүмкін.»

Талданған Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 13-бабының 1.1-бөлігінде бекітілген құзыретті жүзеге асырудың бірыңғай тәсілін құру қажет

4) Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 11-бабының 3 тармағына сәйкес: «Қаржы мониторингі субъектілері ішкі бақылау қағидаларын әзірлейді, қабылдайды әрі орындайды және осы Заңда көзделген ішкі бақылауды жүргізу кезінде қаржы мониторингі субъектісінің қызметіне қойылатын талаптардан басқа, олар мыналарды:

ішкі бақылау қағидаларына сәйкес

қаржы мониторингі субъектілері әзірлеуі мүмкін өзге де бағдарламаларды қамтуға тиіс».

Осы нормативтік ережелерден «мүмкін» деген терминді алып тастау қажет. Соңғы нұсқаны келесідей тұжырымдау ұсынылады: «Ішкі бақылау ережелеріне сәйкес қаржы мониторингі субъектілерінің әзірлеуіне жататын басқа бағдарламалар».

Өзге кемшіліктер туралы.

1. Заңды талдау аясында Қазақстан Президентінің еуразиялық полицияны құру туралы құқықтық идеясы орынды болып есептеледі.

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобтың (бұдан әрі - ФАТФ) жаңа ұсыныстары саясаткерлерге қатысты талаптарын күшейтеді, себебі олар өздерінің позицияларына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттырады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің - Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстанның дамуының басты векторы» атты Жолдауында мемлекеттік бюджеттің кірістерін ғана емес, мемлекеттік қызметшілердің шығындарын да жариялауға қатысты мәселелерді көтерді.

Біртұтас экономикалық кеңістік елдеріндегі трансұлттық қылмыстарға қарсы тұру мәселесі барлық үш қатысушы елдердің бірлескен күшімен біріктіріледі. Мемлекеттер жүргізіп отырған қылмыстық саясаттың маңызды бағыттарының бірі Біртұтас экономикалық кеңістік аумағында заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (терроризмді) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдарды одан әрі күшейтуді тану орынды болады, себебі интеграциялық үдерістер қарқынды дамып, ақшаның ағымы, капитал мен адам ағымдары арта түсетіндіктен, осы санаттың қылмыстардың саны артуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев сот және құқық қорғау жүйесін жаңғыртуға қатысты өз Жолдауында Біртұтас экономикалық кеңістіктегі трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті күшейту мақсатында «Еуразполдың» Интерпол-Еуразиялық полициясы үлгісін жасау туралы мәселені шешу қажет екенін атап өтті [4].

Еуропалық Одақ шеңберінде есірткі тасымалы, трансұлттық және ұйымдасқан қылмыспен күрестің қарқынын ескере отырып («Европол»), ЕО Комиссиясы алдында Қазақстанға ақшаны жылыстатуға қарсы күреске бағытталған, талдалынып отырған Заңның 19-бабында бекітілген нормативті ережелерді жалғастыру үшін Қазақстанға

көмек көрсету туралы мәселені көтеруге болады.

Жоғарыда айтылған идеяның аясында, Елбасының Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күресті жүргізу міндеттерінің бірі болатын Еуразиялық полиция құруға қатысты заң жобасын әзірлеудің өзектілігін арттыру қажет.

2. Заңның негізгі қорытындысы мынадай: Криминологиялық (қаржылық және нормативтік) нормативтік-құқықтық актіні болып табылатын Заң, ең алдымен, «кірлеген» ақшаны жылыстатуға, соның ішінде терроризмді қаржыландыруға ескертуге бағытталған.

Заңда қолданылатын терминдердің басым бөлігі «сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сипатқа ие. Тілдің түсініксіздігі, көпмәнді немесе сенімді емес терминдерді, түсініктерді, тұжырымдарды, бағалау сипатының санаттарын пайдалану орын алады.

Мысалы, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының Үкіметі күдікті операцияны айқындау белгілерін бекітеді» деп көрсетілген. Күдікті операцияны анықтау белгілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1484 қаулысымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актісінде 126 күдікті мәміле анықталған. Сонымен қатар күдікті операциялардың санаты келесідей бағалау сипаттамасымен (терминдер, сөйлемдер) анықталады:

- қаржы мониторингі лауазымды тұлғаларымен олардың тәжірибесіне және білімдеріне сәйкес күдікті болып танылған операциялар;
- клиенттің (клиенттің өкілінің) операцияны жүргізуге негізсіз шапшаңдығы және (немесе) осы операцияның құпиялылығы туралы шамадан тыс алаңдаушылығы;
- іскерлік қарым-қатынас;
- қалыптасқан іскерлік тәжірибеден ерекшеленетін есеп айырысу тәртібі бойынша стандартты емес немесе әдеттен тыс күрделі нұсқаулардың болуы;
- және басқалар.

Бұдан қаржылық барлау бөлімшелерінің құқық қолдану практикасындағы сапалық және сандық көрсеткіштер, және сәйкесінше, қылмыстық актілерді іріктеу кезінде проблемалар туындайды. Егер 2016 жылы қаржы мониторингі субъектілерінен келіп түскен есептер саны 1 493 997 болса, оның ішінде 721 184 шектік және 772 813 күдікті болса, 2016 жылы құқық қорғау органдарына тек 37 бастамашылық материалдар жіберілді. Бұлардың ішінде тек 5 материал бойынша ғана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің терроризмді қаржыландыруға арналған 258-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалды.⁵

Осылайша, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласындағы орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын ескере отыра, қаржы барлау бөлімін қызметтерін алдын алуды қамтамасыз ету үшін, олқылықтар мен коррупциогенді нормаларды азайту мақсатында, сонымен қатар, талдалынып отырған Заңды осы саладағы халықаралық стандарттарға және 2018-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес туралы жаңа мемлекеттік бағдарламасында белгіленген заңды негіздемелеріне сәйкестендіру мақсатында осы мақалада берілген ескертулер мен конструктивті ұсыныстарды ескеру қажет.

Сыналып отырған салада бизнес-процестерді құру және өзара іс қимыл үшін тиімді үлгісін анықтау үшін, нақты реттеушілерді қоса алғанда, зерттеу режимін және ФАТФ ұсынымдары бойынша келісілген бастау және зерттеу режимі, яғни «құмсалғыш» құқықтық режимін пайдалануға ұсынылады. «Сандық құмсалғыш» терроризм мен экстремизмнің қаржыландыру және ақшаны жылыстатуға қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жетілдіру мақсатында және қаржы мониторингі субъектілерінің сандық бастамалары шеңберінде экономикалық (қаржылық) процестерді реттеу механизмдері мен ережелерін әзірлеу үшін пайдаланылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. *Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства».* <http://www.zakon.kz>.
2. *Зиманов С.З. Проблемы законодательства. / Зиманов С.З. // Казахстанская правда.*

⁵ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті. <http://kfm.gov.kz/ru/>.

– 1997. – 16 августа.

3. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002012>.

REFERENCES

1. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan – Lidera Nacii N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana ot 14 dekabrya 2012 goda «Strategiya «Kazakhstan -2050»: novyi politicheskii kurs sostoyavshegosya gosudarstva». <http://www.zakon.kz>

2. Zimanov S.Z. Problemy zakonodatelstva. / Zimanov S.Z. // Kazakhstanskaya pravda. – 1997. – 16 avgusta.

3. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan – Lidera Nacii N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana «Socialno-ekonomicheskaya modernizaciya – glavniy vektor razvitiya Kazakhstana». <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002012>.

УДК 374.3

АНАЛИЗ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ

Жусупбекова Мадина Койшибаевна

Доцент кафедры Правоведения Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, кандидат юридических наук, доцент,
г.Кызылорда, Республика Казахстан; e-mail: zhmk6464@mail.ru

Ключевые слова: коррупция; борьба с коррупцией; антикоррупционная культура; преступление; правовая культура; антикоррупционное образование.

Аннотация. Признавая коррупцию глобальным социальным злом и отмечая, что коррупция существует издавна нужно борьбу с этим негативным явлением, которое подрывает национальные интересы и политическую стабильность вести постоянно. Автор в статье приводит различные определения по термину «коррупция» и отмечает, что борьба с коррупцией является чрезвычайно актуальной и вести ее надо всем обществом. Для того, чтобы вести борьбу с коррупцией нужно формировать в обществе антикоррупционную культуру, которая выражается в выработке нулевой нетерпимости к любым проявлениям коррупции. В статье дается определение понятия «культура» и отмечается, что антикоррупционная культура занимает одно из центральных мест в системе правовой культуры. Автор определяет, антикоррупционную культуру как сознательную способность человека противостоять коррупции, для которого человек должен обладать правовой культурой, высокой нравственной и моральной культурой. Это означает, что человек должен обладать достаточным правовым сознанием, то есть знать о правовых явлениях, знать об ответственности за совершение правонарушений. Следовательно, можно утверждать, что в основе антикоррупционной культуры лежит нравственно-правовая культура, которая учит жить человека на основе закона, уважать закон и защищать свои права. Автор изучив эту проблему, полагает, что формирование антикоррупционной культуры основывается на нравственной и правовой культуре человека. Поэтому, необходимо антикоррупционное образование и воспитание вести постоянно, непрерывно, целенаправленно и комплексно. Чтобы искоренить коррупцию необходимо поднять общественное сознание, в том числе сознание каждого индивида общества. Поднять общественное сознание это значит модернизировать общественное сознание, то есть приспособить сознание общества и каждого индивида общества к реалиям настоящего времени, к созданию атмосферы нетерпимости к коррупции в обществе.